Қазір әлемде 13 авиахаб аэрополис тұжырымдамасы бойынша дамиды. Жеткілікті әлеует болып саналатын жолаушылар легі бойынша барлығы 15 көшбасшы әуежай бар. Олардың ішінде Мәскеулік Домодедово әуежайы. Дамыған әуежай инфрақұрылымынан басқа, жеткілікті жер активтер маңызды рөл атқарады. Домодедово дамытуға 16 мың га. бос аумақты кейінге сақтап отыр. Ірі батыс әуежайлардың жер банктері айтарлықтай қарапайым. Мысалы, «Шарль де Голль» әуежайының аумағы барлығы шамамен 3 200 га. Амстердадық «Схипхолда» — 2700 га., «Хитрода» — 1000 га. сәл көп.



Авиациялық емес жоспарда ең коммерциялық табысты әуежай — Цюрих. Оның қарамағында барлығы 800 га. жуық жер бар. Қазірдің өзінде жердің көп бөлігі салынған.



Тағы бір міндетті шарт мультимодальдылық болып табылады. Бір жерде ең көп көлік түрлерінің шоғырлануы, әуежайдың жоғары қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Домодедовоның жоғары қол жетімділігін әуе, темір жол және автокөлік қамтамасыз етеді. Авиациялық хаб немесе аэрополистың алғышарттарын құру бұл транзиттік жүк ағындарын Ресей-Қазақстан бағытында Қытайға, Қытайдан Қазақстан аумағы арқылы Әзірбайжанға, Грузияға, одан әрі Еуропа елдеріне біріктіру. Сондай-ақ, «оңтүстік ағын» – Қазақстаннан Иран арқылы Таяу Шығыс және Үндістан елдеріне.



Мысалы, Кавказ елдері арқылы екінші көліктік-логистикалық жол бәсекеге қабілетті теңіз жолдары бар екендігін білдіреді. Сонымен қатар, осында Әсет Исекешев Каспий теңізінде қазақстандық кеме қатынасын іске қосу қажеттілігін ерекше атап өтті. Оның айтуынша, отандық флот құрғақ жүктен және паромнан тұрады. Осы мақсат үшін Қазақстанда су кемелерін құрастыру зауытын салу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, министр трансұлттық көлік дәлізі болуға тиіс ірі хаб Ақтау Теңіз порты мен «Қорғас-Шығыс қақпасы» Құрғақ портының ерекше рөлін атап өтті.

Бұдан басқа, ұлттық компания «ҚазАвтоЖол» жаңа автокөлік жолдарының операторы болады. Компания 7 мың шақырым автожолда жүк автокөлігінің өтуі үшін төлемақы ала бастайды. Әсет Исекешев авиатасымалдарға ерекше назар аударды. Сонымен қатар, оның бағалауынша, авиатасымалдардың үлесі ретінде транзиттік, сондай-ақ, ел ішінде, жалпы тасымалдау нарығынан Қазақстанда биылғы жылы 10% құрады. Бұл ретте қазақстандық авиакомпаниялардың қызметтерін пайдалану үлесі 52% – ға дейін, 48% – шетелдікке қарсы өсті. Ішкі әуе тасымалдаушы «Qazaq Air» іске қосылғаннан кейін ішкі тасымалдау әлеуетінің өсуіне уәде береді. Оның үстіне, Әсет Исекешевтің пікірі бойынша, Астанада Халықаралық қаржы орталығы және ЭКСПО-2017 өз жұмысын бастар алдында «ашық аспан» келісімін ұйымдастыру қажет.

Авиациялық хаб құру үшін Қазақстан аумағы арқылы 2020 жылға қарай жүк ағыны мен жолаушылар ағыны 17 млн – нан 30 млн тоннаға артуы тиіс. Қазіргі таңда көлік дәлізінің үлесі елдің ЖІӨ-нің 7,5% құрайды. Алайда, жаңа транзиттік «Жібек жолы» құрылған сәттен бастап, көліктік-логистикалық жүйе айналымының ұлғаю жағына қарай жағдай түбегейлі өзгереді. Біздің мақсатымыз Астана мен Алматы қалаларында авиациялық хаб құру болып табылады. Бұл ретте, Астана қаласының халықаралық әуежайы жыл сайын қарқынды дамып келе жатқанын айта кету керек. Мұнда, Пекин, Лондон, Франкфурт, Париж, Ыстамбұл және Сеул авиарейстерінен басқа, жақын болашақта Гонконгқа және Дубайға (2016 жылы) рейстер ашу жоспарланған. 2017 жылы Токиоға, Сингапурға 2018 жылы, ал 2019 жылы Шанхай мен Нью-Йоркке рейстер ашылмақ.

Бұл хабтың құрылуы көліктік-технологиялық кешендердің, жүкті жеткізу мерзімін қысқарту және жолаушыларды жердің кез келген нүктесіне жеткізу жұмысының сапасын арттырады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі :**

1. Қазақстан азаматтық авиациясының кәсіби журналы «Авиация.kz»
2. Сайт aerotropolis.com
3. Сайт www.aeroport . Алматы әуежайының ақпараттық деректері.



---

---

# Азаматтық авиацияда оқыту әдістерін жетілдіру

## Совершенствование методов обучения в гражданской авиации

### Improvement of methods of teaching in Civil Aviation

---

---

ӘОЖ 94

*Шөкенов Б.С., т.ғ.к., профессор*

## КӨПҰЛТТЫ ТОПТАРДА ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МҮМКІНДІКТЕРІ

### Түсініктеме

Тақырыпта Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстандағы ұлтаралық қатынастарды жөнге келтірудегі орасан зор еңбектері мен қызметі көрсетілген.

**Түйін сөздер:** қазақ, достық, бейбітшілік

### Аннотация

В данной работе отмечен огромный труд и заслуга Н.А.Назарбаева в регулировании межнациональных отношений в Казахстане.

**Ключевые слова:** казах, дружба, мир.

### Summary

In this work, N. A. Nazarbayev's enormous labour and merits in regulation of international relationships in Kazakhstan have been notified.

**Key words:** Kazakh, friendship, peace.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1992 жылы ұлт саясатын жолға қоюда жаңа бағыттар таңдады. Ол бағыт Қазақстан Халықтары Ассамблеясы болатын. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының, ұлттар істері жөніндегі жоғары комиссары Ван дер Стул мырза «Қазақстан Республикасының басшылығы елдегі барлық этностық топтардың мүдделерін іске асыру және ұлысаралық қатынастарды одан әрі жарасымды ету үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету саясатын дәйекті түрде жүргізіп отыр» [1, 131-б] деп ҚР-ның президенті Н.Ә.Назарбаевтың еңбегіне, халықаралық жоғары бағаны тектен-тек бермесе керек.

Себебі, Қазақстан Республикасы басқа мемлекеттер мен Республикаларға қарағанда, ұлттар мен ұлыстардың өте көп шоғырланған аймағы болып есептелінетінін барша халық біледі. Оған әр кездегі тарихи жағдайлар себеп болды. Міне, сондықтан да Елбасы Қазақстандағы халықтардың тату-тәтті тұруы үшін барлық жағдайды жасауда. Ауыз бірлік пен татулықты сақтау арқылы үлкен жетістіктерге жететіндігімізді әрдайым естен шығарған емес. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда кейбір кері тартпа саясаткерлер «Қазақстан көпұлттылықтан» түбінде зардап шегеді деген мысықтілеу арам ойларын жүзеге асырмақшы болып, талай рет ұлт арасына неше түрлі іріткі салғандары бізге белгілі. Ал қазір, керісінше, Қазақстанда ұлтаралық достық пен келісім орнап, ең бейбіт ел деген атаққа ие болып отырмыз. Бұл күнде Ассамблея атқарып отырған жұмыс сан алуан. Бүгінгі таңда Қазақстанда тұратын халықтар мен ұлыстарға осы 25 жыл ішінде барлық мүмкіншіліктер жасалынып келеді. Кеңестік дәуірде орын алған әміршіл-әкімшіл



басқару жүйесінің нәтижесінде, бүкіл халықтарды күштеп қоныс аудару саясаты нәтижесінде, Қазақстан Республикасы халықтар достастығының орталығына айналған болатын. Біз интернационалист халықпыз деген ұрандарды желеу етіп, кіші ұлттарды қазақ жеріне зорлап көшіру сол кездегі партияның солақай саясаттарының бірі. Ал, Қазақ халқы болса, ол халықтарды жатсынбады, кеуделерінен итермеді, керісінше көмек беріп, олармен бір нанды бөлісіп жеді. Бұл жөнінде Н.Ә.Назарбаев былай еске алады: «Амалсыздан, қоныс аударушыларды қазақтардың қаншама қонақжайлықпен қарсы алғанын ауызбен айтып жеткізу қиын. Ұжымдастыру мен ұлы жұт дінкелеткен, өздері асқа жарымай жүрген халық қу дала, қу мединеде қалған жандарға баспана беріп, бауырына тартып, соңғы тілім нанын бөлісті. Біздің халық осындай дарқандық көрсетіп ақ көңілін білдірді. Адам қылып адам қатарына қосылуына жәрдемдескен жандар оларға күні бүгінге дейін көрсеткен көмегі үшін дән риза. Мұның бәрі естіп-білгенім ғана емес, өз көзіммен де көргенім» – дейді. [2.,171-б]

Өміршіл-әкімшіл жүйені ұлы халықтар достастығы деген желеумен құрылған интернационалды халықты, Н.Ә.Назарбаев көп ұлтты халықты шашыратпай бір шаңырақтың астына біріктіріп, бір үйдің баласындай бір-бірімен тату өмір сүргізіп отырған саясаты қазіргі кезде көптеген елдерді ойландыруда. Жалпы алғанда, Ассамблея жұмысының арқасында біздің елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей моделі, әрбір азамат этникалық және діни ерекшелігіне қарамастан, Конституцияда кепілдік берген азаматтық құқықтары мен бостандықтарын толық пайдалана алатындай ерекше сенім, ынтымақ, өзара түсіністік ахуалы қалыптасып отыр.

Ассамблея тарихында 23 рет сессия өткізіліп, онда қоғам өмірінің маңызды мәселелері мен мемлекет дамуының негізгі бағыттары қаралған.

Бүгінгі күні Республикада Қазақстан этносаралық мәдениеті, тілдері, дәстүрлерінің дамуына барлық жағдайлар жасалып отыр. Осының барлығы бірлік пен достықтың арқасы екенін естен шығармағанымыз жөн.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев татулық арқылы үлкен жетістіктерге жететінімізді жиі айтатын себебі де осында, деп ойлаймын. Қазақстан Халық Ассамблеясын Парламентке әкелген мақсаты да осында жатыр. Бұл үлкен көрегенділік. Кезінде парламентте отырған әр-түрлі саяси партиялар Президенттің істеп отырған іс-шараларына бір жеңнен – қол, бір жағадан – бас шығарып көмектесу орнына әр-түрлі өсек-аяң сөздер таратып, тырнақтың астынан кір іздегендей болып, ақпарат таратқанын да білеміз. Міне, сондықтан да оларды тарқатып, орнына Қазақстан Халық Ассамблеясын енгізуі көңіл қуантарлық жағдай, деп ойлаймын.

Қазақ халқы өзінің жаратылысынан бейбітшіл халық. Ешқашан өзі тіленіп соғыс іздемеген халық, өз алдына тыныш жатқан халық екенін барша жұрт жақсы біледі. Осы бейбіт өмірді жалғастырушы Н.Ә.Назарбаев десек, артық айтпаған болар едік. Менің арманым, - дейді Н.Ә.Назарбаев – Қазақстанның мәңгі болуы! Біздің ең жоғары бағалайтын байлығымыз – Тәуелсіздік! Ел тағдырында мың өліп, мың тірілген қастерлі халқымызға тәуелсіздікке қол жеткізу оңайға соқпады. Сондықтан да, тәуелсіздіктің мәні мен маңызы да біз үшін айрықша. Біз бұл күнді ұзақ та зарыға күттік. Халықтың өткеніне көз жіберсек, тәуелсіздік жолында ата-бабаларымыз қандай қияметке бармады дейсіз. Ұрпақ болашағы үшін қаншама ерлер басын құрбандыққа тікті.

Тәуелсіздік алған алғашқы күні Н.Ә.Назарбаев сөйлеген сөзінде: «Тәуелсіздіктің біздің барлығымызға артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шындап түсуіміз керек. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Кең-байтақ жеріміздің байлығы да осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып, бірге өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдеріне де мол жетеді. Тарих көші ұзақ. Асықсақ та, аптықпайық. Қазақстанның көп ұлтты халқының жұлдызы жоғары болатынына, туған елімізде дәулетті де, сәулетті өмір орнайтынына кәміл сенемін», [3.] – деп айтқан.

Ата-бабамыздың қанымен, терімен келген тәуелсіздікті біз ешкімге бере алмаймыз – деген сөздерді әрбір қазақстандықтарға ерекше тербеніс пен елжандылық сезімді терең сезінуге жетелеген әсерлі сөз ретінде жастардың жүрегінен орын табу керек, деп ойлаймын. Осындай ұстанымы арқылы қазіргі әлем халықтары арасында қалыптасып отырған өте күрделі кезеңде

халқын тыныштықта, байсалдылықта, сабырлыққа шақырып бейбітшілікті бүкіл әлемге жария етіп, үлгі көрсетіп отыр. Шындығын айтар болсақ, біздің Президентіміздің бастамасымен құрылып отырған Еуразиялық экономикалық одақтың өзі де, достық қарым қатынасты бірлікті қажет ететін одақ екенін де, естен шығармауымыз керек. Бірақ, одаққа мүше елдер ешқашан бір-біріне қысым жасамауы туралы келіскендігін тиек ете отырып, Н.Ә.Назарбаев былай дейді: «Қазақстан ол экономикалық одақтан шығып кетуге құқы бар. Мен бір рет айттым, тағы қайталап айтамын, тәуелсіздікке нұқсан келтіретін болса, ондай ұйымдарда Қазақстан ешуақытта болмайды. Біздің ең жоғары бағаланатын байлығымыз – Тәуелсіздік. Ата бабамыздың қанымен, терімен келген тәуелсіздікті біз ешкімге бере алмаймыз. Оны қасық қанымыз қалғанша қорғауымыз керек. Сондықтан бұл жөнінде ешқандай күдік болмасын, [4, 133-бет] – деп айтқан сөзі оппозициялық топтарға арандатушылық жасамау үшін арнайы айтылған жауап деп түсінген жөн.

Қазақ елінің тарихында не бір хандарымызды алып қарайтын болсақ, сонау Жәнібек пен Керейден кейін Қасым ханның тұсында ел тыныш болмады. Сол кездің өзінде осындай ауызбірлік пен тыныштықты ұстап тұру үшін Қасым хан түн ұйқысын бөлді емес пе? Орыс Княздарында, Қоқан, Хиуа, Иран шахтарының бабын тауып тыныштық, бірлік татулық арқылы көп нәрсеге қолын жеткізді ғой. Ал қазір мына жаһандану кезіндегі қырғый қабақ соғыс өршіп, халықаралық жағдай шиеленісіп тұрған уақыттағы жағдайда жүргізіп отырған Н.Ә.Назарбаевтың салиқалы саясаты ұлы хандарымыздың саясатынан асып түспесе кем емес. [5. 134-бет]

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлт жоспары – Қазақстандық арманға бастайтын жол» - деп аталатын мақаласында «Қазақстан Тәуелсіздігінің ширек ғасыры топтасқан халықтың ғана дамудың таңғажайып шыңдарына жете алатынын дәлелдеп берді» - деді, ол шындық. [6.]

Н.Ә. Назарбаевтың 100-нақты қадамы мен институционарлық 5 реформасы мен «Ұлт жоспарын» жүзеге асыруға біздің Азаматтық авиация академиясында да көр іс-шаралар өткізілуде. Мысалы: Өткен жылы Алматы қалалық және Түріксіп аудандық дін басқарма жөніндегі жетекші басшылармен, мондай-ақ Азербайжан мәдени орталығының төрайымы Қазақстан Республикасының халық депутаты Асыл Осман мен Күрд мәдени орталығының басшысы Княз Ибрагимұлы Мирзоевтармен кездесу өткізіп дөңгелек үстел басында пікір алмасу кешін өткіздік. Осындай кездесулердің өзі студенттерді достыққа, бірлікке, инабаттылыққа тәрбиелейді. Мұндай кездесулер өткізу академияда бүгінде дағдыға айналып отыр.

Жалпы, қай сөзінде болсын Президентіміздің басты назар аударатын саясатының бірі ол – ел бірлігі. Оның мөлдір бастауы халқымыздың «Бірлік болмай, тірлік болмайды», - деген асыл сөзінде жатыр. Елдің ауызбіршілігі туралы жеті ғасыр бұрын өзіміздің жырауларымыз да күніретіп өткені ақиқат. «Қалың елім қазағым, қайран жұртым», - деп кешегі ұлы Абай да өкініп өткен. Абай өлеңдерін жатқа білетін Елбасы Парламент мәжілісінің бір отырысында «Бірінді қазақ, бірің дос көрмесең, істің бәрі бос» деген ақын сөзін, сөзге тиек етті. Ол сөзді жай ғана айтып қойған жоқ, осы сөзді еліміздің әр ауыл, әр қаласының көшелеріне жазып іліп қоюды тапсырудың өзі, қазақ халқына бірліктің, достықтың, ауызбірліктің жемісін бағалай білуге шақырғаны, деп түсінуіміз керек, деп ойлаймын.

Менің Н.Ә. Назарбаевты бейбітшілік жаршысы деуім содан. Мұндай саясаткер басшыға халықаралық деңгейдегі марапат беруді өте орынды деп санаймын. Осындай бейбітсүйгіштік, достық, бірлік сияқты,өзінің бағыт бағдары етіп алған «Мәңгі қазақ елі» идеясын жүзеге асырушы ірі қоғам қайраткері деп есептеймін.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә. Назарбаев «Қалың елім, қазағым» А., 1998. 131 б.
2. Н.Ә. Назарбаев «Қалың елім, қазағым» А., 1998. 171 б.
3. Р. Жақсылықов «Ел – тыныштықтың тірегі» // Егемен Қазақстан, 9 қантар, 2016 ж.
4. Н.Ә. Назарбаев «Қалың елім, қазағым» А., 1998. 133 б.

5. Н.Ә. Назарбаев «Қалың елім, қазағым» А., 1998. 134 б.

6. Н.Ә. Назарбаев «Ұлт жоспары – Қазақстандық арманға бастайтын жол», «Егемен Қазақстан» 9 қаңтар, 2016 ж.



ӘОЖ 811.111 `246.2

*Баданбекқызы Зәуре, ф.ғ.к., профессор*

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ФОНЕМАЛАРДЫ ТОПТАСТЫРУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

### Түсініктеме

Дауыссыз фонемаларды кәсіби деңгейде ағылшын тіліндегі фонетикалық терминологияны қолдана отырып, топтастырудың негізгі заңдылықтарын қарастыру.

**Түйін сөздер:** фонема, дауыссыз фонема, топтастырудың негізгі заңдылықтары, салыстыру.

### Аннотация

В статье рассматривается классификация английских согласных фонем в сравнении с казахскими согласными фонемами при использовании английской и казахской фонетической терминологии.

**Ключевые слова:** фонема, голосовая фонема, особенности классификации, сравнение

### Summary

The scientific article considers the main classification types of English and Kazakh phonemes by using English and Kazakh phonetic terminology in comparison.

**Key words:** phoneme, voice phoneme, classification features, comparison

### Кіріспе

Шет тілді оқып үйрену де, ең алдымен, сол тілдің дыбыстық жүйесін, ондағы жеке дыбыстардың табиғатын танып білуден басталады. Шетел тілін дұрыс меңгеру дегеніміз – шетел тіліндегі сөздерді дұрыс ұғып, өз ойыңды сол тілде анық жеткізе білу. Сөздерді дұрыс айту үшін ана тіліндегі дыбыстар мен шетел ел тілінің дыбыстарын салыстыра отырып үйрену аса қажет. Бұл тұста фонетикалық әдістеме қолданылады. Фонетикалық әдіс тіл үйренушіге шетел тіліндегі дыбыстар мен сөздердің және сөз тіркестерінің айтылуын үйретіп, саналы түрде меңгерту үшін, шет тілі мен ана тілінің дыбыстық жасалымын бір–бірімен салыстыра отырып үйрету болып табылады. Әр тілдегі тіл дыбыстарының айтылуының тек өзіне тән ерекшеліктері болады. Сонымен қатар, сол тілдегі барлық сөздердің және соларға тән екпін,буын, интонацияның да ерекшеліктері бар. Мысалы: ағылшын тіліндегі дыбыстар жүйесі қазақ тіліндегі дыбыстармен салыстырғанда өзгешелігі көп, сондықтан ағылшын тілін оқып үйренуде дыбыстар жүйесін жан- жақты қарастырған жөн. Сонымен қатар, оларды топтастыру заңдылықтарын біліп үйрену аса маңызды мәселелердің бірі.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Дыбыстардың топтастыру заңдылықтарын қарастырмай тұрып, **дыбыс, фонема, әріп** деген ұғымдардың айырмашылығын қарастырайық.

Қазақтың ғұлама филологы Ахмет Байтұрсынұлы кезінде: «... Дыбыс таңбасын **қарып** деп атаймыз. Сондықтан, жазған сөз ішінде пәлен қарып бар дейміз. Айтқан сөз ішінде пәлен дыбыс бар дейміз. Дыбыс пен қарып екеуі екі басқа нәрсе. Біріне бірін қатыстырып, шатыстырмауға тиіс. Дыбыс естілетін, көзге көрінбейтін нәрсе, **қарып** көрінетін, естілмейтін нәрсе» деп анықтап берген болатын.[3,147]

Енді фонема мәселесі жөніндегі ғалымдардың көзқарастарын қарастырайық. Фонема туралы ілімнің алғаш негізін салған – орыс және поляк тілін зерттеуші И.А. Бодуэн де Куртэне болып табылады. И.А. Бодуэн де Куртэне фонеманы индивидтік, тілдік ұжымының саласында өмір сүретін, тілдік таңбаларды бір- бірінен ажырататын дыбыстық жүйедегі ең кішкене бірлік деп таниды. [1,191]

Совет лингвисті академик Л.В. Щерба фонема - «сөз бен оның формаларын дифференциялайтын, яғни, адамның қатынас жасау мақсатына қызмет ететін дыбыстардың типтері» деп санады. [2,91]

Қазақ лингвистикасының ірге тасын қалаушылардың бірі профессор Құдайберген Жұбанов: «...Сөздерді және оның тұлғасын өзгерте алатын кішкене мүшені – дыбысты фонема» - деп таниды.

Қазақ фонетикасына еңбегі сіңген профессор І. Кеңесбаев – «...Сөз мағынасы мен сөз тұлғасын ажыратуға себі бар тілдегі ең кішкене дыбыстық бірлікті фонема – деп айтамыз» деген. [4,286]

Сонымен, жоғарыдағы іргелі ұғымдарға сүйенсек, **фонема** дегеніміз индивидтік, тілдік ұжымының саласында өмір сүретін, тілдік таңбаларды бір – бірінен ажырататын, сөздер мен олардың тұлғасын өзгерте алатын дыбыстық жүйедегі ең кішкене дыбыстық бірлік.

Тіл дыбыстары **дауысты** (vowel) және **дауыссыз** (consonant) болып екіге бөлінеді. Айтылғанда ауа өкпеден еш кедергісіз, еркін шығатын болса **дауысты дыбыстар** деп аталады. Ал, айтылғанда ауа сөйлеу мүшелерінің түрлі кедергісіне кездесіп, үн мен салдырдан, кейде тек салдырдан ғана жасалынса **дауыссыздар** деп аталынады. Тіл тілде дауыстыларға қарағанда дауыссыздардың саны көбірек болады, сонымен қатар оларды топтастыру күрделілеу. Сондықтан оларға артикуляциялық, акустикалық сипаттама бергенде көптеген жайттарды ескеру керек. Мысалы, олардың жасалымына сипаттама бергенде: 1) жасалу орны; 2) жасалу тәсілі; 3) дыбыс желбезегінің қызметі; 4) тіл ортасының қалпы; 5) дауыс шымылдығының қалпы сияқты белгілерді ескеру аса қажет.

Ағылшын тілінде **24 дауыссыз фонема** бар, енді осыларды қазақ тіліндегі дауыссыз фонемалармен салыстыра отырып, топтастырудың негізгі заңдылықтарын қарастырайық.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі дауыссыз фонемалар шудың дәрежесіне байланысты екі үлкен топқа бөлінеді: Дыбысты (шулы) дауыссыз фонемалар және соноранттар.

Екі тілдегі дауыссыз фонемалар үннің, дауыстың қатысымен ауаның кедергіге ұшырауына байланысты төрт топқа бөлуге болады:

### **І. Шұғыл (occlusive) дауыссыз фонемалар ауаның кедергіге ұшырауына байланысты:**

- 1) шұғыл (occlusive /plosive)** – Ағылшын тілі: /pbtdkɡm n tʃdʒ /;  
– Қазақ тілі: <п,б,т,д,к,г,қ,м,н,ң >;
- 2) ызың (constrictive/fricative)** – Ағылшын тілі: /f v s z θ ðʃʒ h j l r w ŋ/;  
– Қазақ тілі: <с,з,ш,ж, х,ғ,л,й,у,һ >;
- 3) шұғыл-ызың (аффрикаттар) occlusive- constrictive (affricates)**  
– Ағылшын тілі: /tʃ, dʒ/;  
– Қазақ тілі: –
- 4) діріл дауыссызы (rolled)** – Ағылшын тілі: –  
– Қазақ тілі: < р >.
- 5) бүйір (lateral)** – Ағылшын тілі: /l /;  
– Қазақ тілі: < л >.
- 6) шұғыл мұрын жолды соноранттар (nasal)** – Ағылшын тілі: /m n ŋ/;  
– Қазақ тілі: < м,н,ң >.

### **Шу дауыссыздары (noise consonants) мен соноранттар (sonorants):**

Шұғыл фонемаларды айтқанда дыбыстау мүшелері біріне–бірі жабысады да, бірден кілт ажырасып кетеді, ауа үзіліп, шұғыл шығады. Ызың дауыссыздар дыбыстау мүшелерінің бір–біріне жуысып, ауа жолы тарылып, ауа сүзіліп шығуы арқылы жасалынады. Қазақ тіліндегі діріл



<р> дауыссызы тіл ұшының дірілінен пайда болады. Жоғарыда көрсетілгендей қазақ тілінде аффрикат фонемалар болмаса, ағылшын тілінде діріл дауыссызы болмайды.

**II. Актив сөйлеу мүшелерінің қызметіне байланысты және айтылу немесе жасалу орнына қарай дауыссыз фонемалар төмендегідей топтастырылады:**

**1) еріндік (labial)** – Ағылшын тілі: /p/, /b/, /m/, /f/, /v/, /w/ ;

– Қазақ тілі: < п, б, м, у >; Ағылшын тіліндегі еріндік дауыссыздар ерін-ерін; ерін-тіс болып екіге бөлінеді: - bilabial (ерін-ерін) – /mpbw/;

– labio-dental (ерін-тіс) - /f/, /v/ ;

Ағылшын, қазақ тілдеріндегі ерін-ерін фонемалары екі еріннің біріне– бірі жабысып немесе дөңгелене жуысуы арқылы жасалынады. Ағылшын тіліндегі ерін-тіс дауыссыздары астыңғы еріннің үстіңгі күрек тіске жуысуынан пайда болады.

**2) тіл (lingual)** – Ағылшын тілі: /ð θ t d z s r k ɟ ŋ l j ʃ dʒ/;

– Қазақ тілі: < н, л, р, ж, ш, з, с, т, д, к, г, ғ, қ, у, ң >;

Ағылшын, қазақ тілдеріндегі тіл дауыссыздары, тіл алды (forelingual), тіл ортасы (mediolingual) және тіл арты (backlingual) болып бөлінеді:

- **forelingual** (тіл алды) – Ағылшын тілі: /t d l n r θ ð s z ʃ dʒ/;

– Қазақ тілі: < т, д, с, з, ш, ж, н, л, р >;

- **тіл ортасы (mediolingual)** – Ағылшын тілі: /j/ ;

– Қазақ тілі: < й >;

- **тіл арты (backlingual)** – Ағылшын тілі: /g ŋ k/;

– Қазақ тілі: < г, ғ, қ, қ, ң, х >.

Тіл алды дауыссыз фонемалары тілдің алдыңғы бөлігінің белсенді қызметі арқылы жасалынады. Тіл ортасы фонемаларын айтқанда тілдің орта шенінің үстіңгі жағы қатты таңдайға жуықтасады. Тіл арты фонемалары тілдің артқы шенінің жұмсақ таңдайға жуықтасуынан пайда болады.

**3) көмей (glottal)** – Ағылшын тілі: /h/ ;

– Қазақ тілі: : < h >.

Көмей дауыссыз фонемасы жұтқыншақ қуысында тілдің артқы шенінің кейін шегінуі мен жұтқыншақ қуысының тарылуы арқылы жасалынады.

**III. Жұмсақ таңдайдың қалпына қарай төмендегідей топтастырылады:**

**1) и ауыз жолды (oral)** – Ағылшын тілі: /ptdkgfv ð θ sz ʃz dʒf lwrh j/ ;

– Қазақ тілі: < л, р, ж, ш, з, с, т, д, к, г, ғ, қ, у, п, б, h, й >;

**2) мұрын жолды (nasal)** – Ағылшын тілі: [ mn ŋ ] ;

– Қазақ тілі: < н, ң, м >.

Ауызжолды фонемаларды айтқанда ауа ауыз қуысы арқылы өтеді, мұрын жолдылар ауаның мұрын қуысы арқылы өтуінен жасалынады.

**IV. Дауыс шымылдығының қатысына байланысты, дауыстың қатысына қарай дауыссыз фонемалар төмендегідей бөлінеді:**

**1) Қатаң (voiceless, fortis)** – Ағылшын тілі: / p, t, f, θ, s, ʃ, h / ;

– Қазақ тілі: < п, к, қ, т, ш, с, х, h >;

**2) ұяң (voiced, lenis)** – Ағылшын тілі: / b, d, g, v, ð, z, ʒ, dʒ / ;

– Қазақ тілі: < б, г, ғ, д, ж, з >;

**3) үнділер (sonorants)** – Ағылшын тілі: / m, n, ŋ, l, w, r, j / ;

– Қазақ тілі: < л, м, н, ң, р, й, у >.

Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдап, салыстыра отырып кесте түрінде қарастырайық.

Топтастыру заңдылықтары	English - Ағылшын	Kazakh - Қазақ
Айтылу жолына қарай:	<b>Occlusive/ plosives</b>	<b>Шұғыл</b>
	/p t d bg n r m k/	[н п б д к қ ң м т г]
	<b>Constrictive/fricative</b>	<b>Ызың</b>
	/f v s z l h w j θ ð, ʃz ɲ/	[с з ш ж х ғ л й у һ]
	<b>Rolled</b>	<b>Діріл</b>
	-	[р]
	<b>Affricates</b>	<b>Аффрикаттар</b>
	/tʃdʒ/	-
	<b>Nazal</b>	<b>Мұрын жолды</b>
	/m n ŋ/	[м н ң]
	<b>Lateral</b>	<b>Бүйір</b>
	/l/	[л]
	<b>Approximants</b>	-
	/w r j/	
Дауыс шымылдығының қатысына байланысты, дауыстың қатысына қарай:	<b>Voiceless /strong /fortis</b>	<b>Қатаң/қарқынды</b>
	/tʃ θ p t k p f s h ʃ/	[п л к т ш с х һ]
	<b>Voiced /weak/lenis</b>	<b>Ұяң /қарқынсыз</b>
	/b d g r z d v ðz dʒ/	[б г ғ д ж з]
	<b>Sonorants</b>	<b>Үнділер</b>
	/m n ŋ w l r j/	[л м н ң р л й у]
Актив сөйлеу мүшелерінің қызметіне байланысты және айтылу немесе жасалу орнына қарай:	<b>Labial</b>	<b>Еріндік</b>
	/p b m w f v ð/	[п б м у]
	<b>Lingual</b>	<b>Тіл</b>
	/tʃ dʒ d n z s r k g θ l j/	[н л р ж ш з с т д к ғ к у ң]
	<b>Forelingual</b>	<b>Тіл алды</b>
	/ʒ t d l n r s z θ ð tʃ dʒ/	[т д с з ш ж н л р]
	<b>Mediolingual</b>	<b>Тіл ортасы</b>
	/j/	Й [й]
	<b>Backlingual</b>	<b>Тіл арты</b>
	/g k ŋ/	[г ғ к қ ң х]
<b>Glottal</b>	<b>Көмей</b>	
/h/	[һ]	
Жұмсақ таңдайдың қалпына қарай	<b>Oral</b>	<b>Ауыз жолды</b>
	/ptdkgfv ð θ sz ʃz dʒf lwrhj/	[л р ж ш з с т д к ғ к у п б һ й]
	<b>Nazal</b>	<b>Мұрын жолды</b>
	/m n ŋ/	[м н ң]

Біз ағылшын және қазақ тілдеріндегі дауыссыз фонемаларды топтастырудың негізгі заңдылықтарын қарастырдық. Ағылшын, қазақ тілдеріндегі дауыссыз фонемаларды бұлай топтастырудың ерекшелігі дауыстың және салдырдың қатысу дәрежесіне байланысты болады. Дауыссыз фонемалардың кейбіреуі дауыстың (үннің) қатысуымен жасалынса, қайсыбіреуі дауыстың қатысуынсыз жасалынады. Осыған байланысты олар қатаң, ұяң болып бөлінеді. Қатаң дауыссыз фонемалар дауыс шымылдығы жиырылып қысылмай, дауыстың (үннің) қатысуынсыз жасалынады. Ұяңдар дауыстың қатысуымен жасалынады. Ағылшын және қазақ тілдерінде дауыстың (үннің) қатысуы немесе қатыспауы жағынан ажыратылып, өз ара жұп-жұбымен айтылады. Мысалы, ағылшын тілінде: /p-b/, /t-d/, /k-g/, /s-z/, /f-v/, /θ- ð/, /ʃ-z/ ; қазақ тілінде: [п – б], [т – д], [к – г],

[с–з],[ш–ж]. Сонымен қатар ағылшын және қазақ тілдеріндегі дауыссыз фонемалар салдырдың қатысы жағынан да ажыратылады. Қатаң фонемаларды айтқанда салдыр басым болып келеді, яғни ауа қарқыны басым болады. Сондықтан, олар кейде **қарқынды (fortis)** немесе **күшті** дауыссыздар деп аталынады. Ал ұяңдарды айтқанда ауаның қарқыны, қатаң дауыссыздарға қарағанда баяу болады, сондықтан оларды **әлсіз (lenis)** дауыссыздар деп атайды. Сонымен қатар ағылшын тіліндегі **w j** фонемаларына көңіл бөлген жөн, себебі олар кейде жартылай дауысты фонемалар болып табылады.

Ойымызды түйіндейтін болсақ, шетел тілін ана тілімен салыстыра оқыту тиімді әдістемелердің бірі болып табылады.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бодуэн де Куртенэ, И.А. Избранные труды по общему языкознанию. -Изд.-во акад. Наук СССР, 1963. – 391 с.

2. Щерба Л. В. Избранные работы по языкознанию и фонетике / отв. ред. М. И. Матусевич; Ленингр. гос. ун-т им. А. А. Жданова. - Л.: Изд-во Ленингр. ун-та, 1958 - Т. 1. - 1958. - 180, [2] с.: ил.

3. Байтұрсынов А. Тіл құрал. Қызылорда, 1925.

4. І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі. Лексика. Фонетика. «Мектеп» баспасы. Алматы: 1975.

5. Аханов К. Тіл білімінің негіздері: Оқулық, 3-бас. Алматы. «Санат», 1993.- 496 бет.

6. Ф. Ш. Оразбаева тағы басқалары. Қазіргі қазақ тілі: Оқулық. – Алматы: Print-S, 2005.- 535 б.

7. Ағылшын және қазақ тілдерінің салыстырмалы фонетикасы: /оқу құралы/. Алматы. «Бастау», 2011-227 бет.

8. Орысша - Қазақша сөздік. Русско-Казахский словарь. Жалпы редакцияны басқарған ҚССР Ғылым академиясының корр. мүшесі, ф. ғ. д., проф. Ғ.Ғ. Мұсабаев. Редакция алқасы:

9. М. К. Мюллер и др. Новый англо-русский словарь. -М: Рус.яз.,1997-880

10. Интернет-көздері: <http://usefulenglish.ru/phonetics/>, <http://faculty.washington.edu/dillon/PhonResources/>



ӘОЖ 811.512.122

*Төлекова Гүлназ Қажымұратқызы,  
фил.ғ.к., профессор,*

## **АВИАЦИЯ САЛАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ТЕРМИНДЕРДІ КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ТИІМДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**



### **Түсініктеме**

Берілген мақалада авиация саласына байланысты терминдерді кәсіби қазақ тілі сабақтарында тиімді қолданудың жолдары кеңінен айтылады. Авиация саласында қолданылып жүрген терминдерді, мәтіндерді оқытудың басты мақсаты – болашақ маманның өз ана тілімен қатар, мамандыққа қатысты сөздерді үйреніп, сөздік қорын байыту екендігі талданған. Кәсіби қазақ тілі пәнін үйрену нәтижесінде студенттерқазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық, стилистикалық, лексикалық құрылысының негізгі ерекшеліктерін авиациялық терминдермен байланыстыра алатындығы нақты мысалдармен дәлелденген. Сонымен қатар, жалпы қолданыстық және ресми-іскери лексиканы, авиациялық терминологияны, сөйлеу стилін меңгерту түрлері анықталған.

### **Аннотация**

В этой статье идет речь об эффективном применении авиационных терминов на уроках профессионального казахского языка. Главной целью изучения авиационных терминов и текстов является обогащение словарного запаса, изучение профессиональных терминов на родном языке будущими специалистами-авиаторами. В результате изучения курса профессионального казахского языка, его грамматики, стилистики, лексики студенты свободно применяют эти знания, широко используют авиационные термины. Кроме этого, было определено освоение разговорной, бытовой речи, авиационной терминологии и официально-деловой лексики.

### **Summary**

This article deals with the effective use of aviation terms on lessons of professional Kazakh language. The main purpose of study of aviation terms and texts is to enrich the vocabulary, study professional terms in the native language of future aviators. As the result of studying the course of professional Kazakh language, its grammar, style, vocabulary, students are free to use this knowledge widely in aviation terminology. In addition, there were determined the development of conversational, everyday speech, aviation terminology, the official business language.

Қазақстан Республикасының «Тіл саясатының тұжырымдамасы» мен «Тіл туралы» заңында айтылған ең басты мәселе – қазақ тілін дамыту. Бүгінгі заман талабына сай нарықтық экономика өркендеп отырған кезеңде әрбір азамат қазақ тілінің – қазақ халқының ана тілі екендігін сезіне біліп, қазақ тілі – халықтың экономикасын, мәдениетін дамытқан асыл мұра ретінде тани білуі қажет. Қазір қазақ тілінің иегері ретінде танылатын болашақтың тізгін-ұстарларының санасын, ақыл-ойын, интеллектісін ана тілінде қалыптастырып, сол арқылы барлық басқа рухани бастаулардан сусындай алатын дәрежеге жеткізу – оңай міндет емес.

Осы реттегі басты мақсатымыз – қазақ тілін, кәсіби қазақ тілін оқыту жайына жаңа лептер әкелу, жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану, қазақ баласының сапасын ғана емес, жанын тәрбиелеудің міндеттерінің бір ұштығын – қазақ тілін оқыту әдістемесіне жүктеу болып табылады. Ал тілді өркендету үшін тұрақты әрі пәрменді тіл саясаты болуы шарт. Тіл – біртұтас мемлекеттік саясаттың ажырамас саласына айналды. [1,249-б].

Мемлекеттік тіл – этномәдени білім берудің негіздері. Ұлттық руханияттың сүйенері тіл, діл және дін. Бірақ діні күштіні жау алса да, тілі күштіні жау ала алмайды. Тіл – рухани дүниенің кілті. Бүгінгі Қазақстан дүниежүзіндегі экономикалық жағынан дамыған алдыңғы қатарлы елу елдің межесіне жетуді көздеп отыр. Өндіріс пен өнеркәсіп қарыштап дамуға бет алды. Осыған сәйкес қазақ тілі ең алдымен әлеуметтік өндірістің қарым-қатынас тілі болып, мемлекеттік тілдің міндетін атқаруы қажет-ақ. Ендеше, қазақ тілі өндіргіш күштердің алмасу, түсінісу құралы ретінде өнім өндіру, өнеркәсіпті дамыту тіліне айналу керек.

Мемлекеттік тіл саясатының басты ұстанымдарының бірі – жастардың саяси-әлеуметтік, тарихи-танымдық және гуманитарлық білімдерін жетілдіруде қазақ тілінің рөлін арттыру. «XX ғасырға дейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті», - деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, мемлекеттік тіл мәселесінің мәні – мәңгілік.

Бұл ретте жоғары оқу орындарында қазақ тілінің жүйелі оқытылуы – Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі мемлекеттік маңызы бар бағыттардың бірі. Қазақстан халықтарын біріктіруші фактор ретінде танылған мемлекеттік тіл туралы «Қазақстан-2050» Стратегиясында: «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту», - деп жазылған.[2, 25 -б]. Олай болса, «Жалпы білім беру пәндері» циклына кіретін кәсіби қазақ тілі сабақтарында авиациялық терминдерді тыңдалым, оқылым, жазылымға сәйкес оқытып-үйрету – бүгінгі заман талабы.

Кәсіби қазақ тілі сабақтарында авиация саласында қолданылып жүрген терминдерді, мәтіндерді оқытудың басты мақсаты – болашақ маманның өз ана тілімен қатар, мамандыққа қатысты сөздерді үйреніп, сөздік қорын байыту. Оны келешекте қызмет барысында қолдану – олардың іскер, жан-жақты, өз мамандығын жетік меңгерген терең білімді маман болуына аса қажет. Осыған орай, азаматтық авиацияға қатысты терминдерді оқыту процесі олардың мамандықтарына тікелей байланысты жүзеге асырылады.[3, 275 -б]. Сабақ барысында “Авиациялық техника және технологиялар”, “Ұшатын аппараттар мен қозғалтқыштарды ұшуда пайдалану”, “Тасымалды, қозғалысты ұйымдастыру және көлікті пайдалану” мамандықтарына байланысты терминдер іріктелінеді. Мысалы, “Авиациялық техника және технологиялар” мамандығында оқитын студенттер мынандай терминдердің қазақ тіліндегі аудармасының дұрыс жазылуы мен айтылуын оқып үйренеді: авиациялық қауіпсіздік, әуе бұрандасы, авиациялық қозғалтқыш, белгіленген шек, сәулелі маяк, ұшақтың негізгі техникалық сипаттамасы, ұшу жиегі. т.б. Авиациялық терминдермен жұмыс сабағы сын тұрғысынан ойлауды дамыту стратегияларымен іске асырылады. Сабақ 3 кезеңнен тұрады:

1-кезең. Қызығушылықты ояту. Мұнда қолданылатын стратегиялар: INSERT, түртіп алу жүйесі. Сабақтың бұл кезеңінде терминдерді есту, қабылдау, түсіну, есте сақтау. Студенттер тындап, байқап немесе сезініп отырады. Оқытушы студенттердің терминдерді дұрыс айтылуына назар аударады. Сонымен қатар студенттерге мынандай мәтін беріледі:

«Ұшақ радиолокаторы»



«Борттық радиолокатор ұшақ алдында әуе жағдайын бақылауға арналған. Ол метеожағдайларды, бұлттарды, жаңбыр, қар, құйындардың болуы мен болмауын анықтайды. Бұдан басқа, радиолокатордың көмегімен қарсы ұшқан ұшақтарды, тау шыңдарын, сонымен қоса, жер бетін көруге болады.

Жер бетін көру кезінде индикатор экранынан қалаларды, ірі ауыл-аймақтарды, өзен-көлдерді, ірі құрылыстарды бақылауға болады. Радиолокатордың қашықтық қызметі 375 шақырымды құрайды. Радиолокатор қабылдағыштан, таратқыштан, парабольдік антенналардан, басқару пульті мен индикатордан құралады. Антенна ұшақтың алдыңғы жағында орналасқан. Индикатор экипаж кабинасында аспаптар тақтасында орналасқан. Индикатордағы бейне бірыңғай бір түсті немесе әртүрлі түсті болуы мүмкін. Радиолокаторлармен ұшақтың 1,2 класты және тікұшақтың 2 класты түрлері жабдықталған.» [4, 39 -б].

Берілген мәтін бойынша авиациялық терминдер сөздігі жасалады, атап айтқанда:

ұшақтың радиолокаторы	самолетный радиолокатор
борттық радиолокатор	бортовой радиолокатор
ірі құрылыстар	крупное строение
құйын	вихрь
қабылдағыш	приемник
передатчик	таратқыш
басқару пульті	пульт управления
аспаптар тақтасы	приборная доска
көруге болады	можно увидеть
радиолокатордың қашықтық қызметі	дальность действие радиолокатора

2-кезең. Мағынаны ажырату. Бұл кезеңде қолданылатын стратегия – кубизм стратегиясы. Студенттер 3 топқа бөлінеді, әр топқа тапсырма беріледі. Мысалы: 1-топ студенттері берілген терминдердің дұрыс оқылуын, жуан-жіңішке айтылуын бақылайды, орындайды. 2-топ студенттері берілген терминдермен сөз тіркестерін, сөйлемдер құрайды. 3-топ студенттері берілген терминдермен шағын мәтін құрастырады.

3-кезең. Ой толғаныс. Еркін жазу немесе өзім үшін жазу стратегиясын пайдаланып, әр топтың студенттері берілген терминдер бойынша сұхбат құрастырады. Сабақта қолданылатын бұл тәсілдер студенттердің ойлау қабілетін, сабаққа деген ынтасын арттырады. Сонымен қатар, тіл үйренуші сөздік қорын молайтып, дұрыс сөйлеуге жаттығады.

Студенттердің икем, ықыласын, талабын білудің, соны ескеріп, оқуды даралап ұйымдастырудың жолын білу керек. Олардың психикалық қабілетін, іскерлігін ұштау, жетілдіру сабақты нақты дерекке сүйеніп тартымды етіп, уақытты үнемді пайдаланса, оқытушы сабақ мақсатына жетуі сөзсіз. Күнделікті сабақта осы міндеттерді басшылыққа алып, студенттердің сөздік қорын байытуға көңіл бөліп, сөйлем құра білуге, байланыстырып сөйлеуге жаттықтырып, көрнекі және техникалық құралдарды пайдалануға аса мән берген тиімді. [3, 275 ]

“Ұшатын аппараттар мен қозғалтқыштарды ұшуда пайдалану” мамандығы бойынша мынадай терминдер мен сөз тіркестерінің қазақша аудармасы грамматикалық тұрғыдан талданады, олар: ұшу салмағы, сынаушы-ұшқыш, жүк ұшағы, жолаушылар ұшағы, күштік қондырғы, бұру рулі, ұшу салмағы, жүк көтергіш, тікұшақ, биікке көтерілу күші, қозғалтқыштың тежеуі, ұшу жылдамдығы, ұшу тұрақтылығы, борттық апаттық магнитофон, авиациялық оқиға, авиациялық оқиғаның болу себептері, т.б. [4, 30-б].

Сабақ барысы кезінде “Тасымалды, қозғалысты ұйымдастыру және көлікті пайдалану” мамандығында оқитын топтарға әуежайдың тасымал қызметінде күнделікті пайдаланылатын тілдік бірліктер мен терминдер, сөз тіркестері, сөйлемдер, лексикалық мәтіндер негізге алынады. Атап айтқанда, тасымал қызметінің агенті, тіркеу орны, қол жүгі, ұшып кетушілер залы, ұшып келушілер залы, ұшаққа отырғызу залы, жүкті беру, жүк түбіртегі, жолаушыларды тасымалдау,

ұшу уақыты, қону уақыты, т.б. Кәсіби қазақ тілі сабақтарында студенттерге авиациялық терминдер мен авиациялық мәтіндерді оқып-үйрету, тілдік қызметтің негізгі түрлерін жетілдіруге қажетті лексикалық мәтіндер мен грамматикалық тақырыптарды меңгерту – кезек күттірмейтін іс.

Сабақтың мақсаты мен міндеті - болашақ маманды мемлекеттік тілдің практикалық негіздеріне үйрету, олардың сөйлеу, тыңдау, оқу мен жазу дағдыларын, ауызша және жазбаша қарым-қатынас дағдылары мен біліктерін қалыптастыру, қоғамдық-көпшілік және ресми-іскери сөйлеу стилін, авиация саласындағы лексика мен терминология туралы білімін жандандыру. [5, 7-б]. Азаматтық авиация саласында болашақта жұмыс істейтін мамандар өз ана тілінде, мемлекеттік тілде еркін сөйлей алуы қажет. Осы тұрғыдан келгенде, кәсіби қазақ тілі пәнін үйрену нәтижесінде студенттер қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық, стилистикалық, лексикалық құрылысының негізгі ерекшеліктерін авиациялық терминдермен байланыстыра алады. Сонымен қатар жалпы қолданыстық және ресми-іскери лексиканы, авиациялық терминологияны, сөйлеу стилін меңгереді. Кәсіби қазақ тілі сабақтарында орыс топтарындағы студенттерге күнделікті берілетін тапсырма:

1. Айналасындағы жолдастарымен, достарымен барынша қазақ тілінде сөйлесу, әңгімелесу.

2. Теледидардан, тыңдағыштан қазақ тіліндегі хабарлар көру, тыңдау, түсіну. Авиация саласына байланысты сөз бен сөз тіркестерін үйреніп келу. (Ауа райы, күнделікті жаңалықтар, азаматтық авиацияға, әуе компанияларға, әуежайға байланысты оқиғалар, жағдайлар)

3. Жолда жүрген кездерде, аялдамада, қазақ тіліндегі авиация атауларын, көше атауларын, жарнамаларды т.б. есте сақтау. [6, 27-б].

Орыс дәрісханасында студенттердің кәсіби қазақ тіліне деген ынтасын тәрбиелеу оңай іс емес. Студенттер өтілген тақырыпқа сай авиациялық терминдерді есте сақтау үшін сөздік жұмысы жүргізіледі. Авиациялық терминдердің қазақ тіліндегі аудармаларымен әртүрлі тілдік қатысымда сөйлем құрап, сөйлей алуы үшін сөздік қордың болуы шарт. Студенттер авиация саласында қолданылатын сөз байлығын молайтып, кеңейтіп байытса, сол сөздерін қатесіз, сауатты жазуға бейімделеді. Берілген тақырып бойынша әңгімелесушінің айтқанын түсініп, өз ойын монологтық сөйлеуде жеткізе білуге дағдыланады. Тілдік жағдаятқа сәйкес әңгімені қолдауға, диалог түрінде жүргізуге машықтанады. Сонымен бірге қоғамдық-көпшілік сөйлеу стиліндегі мәтіндер мен авиация саласына қатысты сөз тіркестері мен терминдерді оқып, өз бетінше аударалады. [5, 8-б].

Кез келген тіл үйренуші қазақ тілін сөйлеу құралы ретінде емін-еркін меңгеріп, ауызша, жазбаша әдет-дағдыларын қалыптастыра отырып, мамандыққа сәйкес білімді игерсе, нұр үстіне нұр болар еді. Кәсіби қазақ тілі пәні студенттердің авиация саласын қамтитын барлық терминдерді меңгеруіне, олардың жалпы тұлғалық әдебін, мәдени деңгейін көтеруге, қазақ елінің тарихы мен мәдениетіне, ұлттық ерекшелігіне мән беріп, құрметтеуге бағытталған. Олай болса, кәсіби қазақ тілі сабақтарында студенттерге авиациялық терминдерді оқып-үйретудің маңызы зор.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл саясаты және қазақ әдебиетіндегі ұлттық идея» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Жинақ, - Алматы 2015. /Мақала: Төлекова Г.Қ. Мемлекеттік тілдің қоғамдағы бүгінгі орны мен дамуы/.

УДК 81-139

*N.M. Ivanova, Senior Teacher*

## LEARNING HOW TO MOTIVATE YOUR STUDENTS

### Түйіндеме

Бұл мақалада біздің іс-әрекетімізде маңызды рөл атқаратын сыртқы және ішкі ынталандыру уәждемесі қаралады. Біздің әрекетіміз бен мінез-құлқымыз көбінесе, айқындалған қызмет үшін қандай да бір ішкі не сыртқы ынталандыруға орай сыйақы алуға уәждемеге қатысты болады. Алайда, осы екі түрдің неғұрлым маңыздысы ішкі ынталандыру уәждемесі болып табылады, себебі, ішкі ынталандыру сыртқыға қарағанда жоғары, ішкі ынталандыру бар жерде орындалған жұмыс үшін сыйлық түрінде немесе ақша түрінде сыйақы күтпейді. Мақалада оқытушыға өзінің жоғары ынталандыруын сақтау үшін алға қойылған міндеттерді қалай жақсы меңгере алу және студенттерге ағылшын тілін оқыту барысында ішкі ынталандыру уәждемесін жоғарылатуға қалай көмектесу керек екендігі сипатталады.

**Түйін сөздер:** уәждеме, ынталандыру, сыйақы, қызмет, құзыреттілік, тіл,өзін-өзі жетілдіру.

### Аннотация

В данной статье рассматривается важная роль, которую играют в нашей жизнедеятельности внешняя и внутренняя мотивации. Наша деятельность, поведение обуславливаются зачастую ожиданием получения какого-либо внутреннего, либо внешнего вознаграждения за проявленную деятельность в зависимости от мотивации. Однако из этих двух видов наиболее важной является внутренняя мотивация, так как внутренняя мотивация выше внешней, поскольку при её наличии нет ожидания вознаграждения за проделанную работу в виде подарков, степеней либо денег. В статье описывается то, как лучше справиться с поставленной задачей преподавателю, чтобы сохранять собственную высокую мотивацию, и как помочь студентам повысить внутреннюю мотивацию при изучении английского языка.

**Ключевые слова:** мотивация, вознаграждение, деятельность, компетентность, язык, само-реализация.

### Summary

This article considers a big role of external and internal motivation played in our life activity. Our activities, behaviors are carried out because there is either an external or an internal benefit from the activity. However, of two kinds of motivations the most important is the internal motivation as it is superior to external motivation because there is no reward anticipation of gifts, degrees or money. Teachers will be instructors who are more effective and students will be more successful in language learning if it gives them a sense of competence and self-actualization. The article describes the task of the teacher to both remain highly motivated and help to increase internal motivation in their students.

**Key words:** motivation, reward, activity, competence, language, self-actualization.

*Saying: Do a little bit more than average*

*and, from that point on, your  
progress multiplies itself out of  
all proportion to the effort put in.*

**Paul Meyer**

## Introduction

This article concerns such an impulse, inner drive or desire which results in an encouragement that makes individuals act regardless the complexity or difficulty to do it. It is called a motivation, which might involve both positive and negative features of a person's character. The task of a teacher teaching English is to arouse and to develop students' internal motivation for studying the English language which might be greatly applicable in different spheres of students' future activity, for pilots, in particular.

## The main part

It is believable that the saying given above holds true in all aspects of our lives and especially when it comes to teaching. Often the greatest challenge we face as teachers is being able to motivate ourselves to do more than is expected of us. Some of the greatest communicators in the world are those people who are willing to put in time it takes to prepare not only the message but also themselves. Our goal of course as teachers is to develop and enable our students to cultivate their talents. However, the key question is how do we accomplish this?

